

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі мен Ресей Федерациясы Көлік министрлігі арасындағы Астрахань су-көлік торабының, Махачкала (Ресей) және Ақтау (Қазақстан) порттары арқылы тікелей халықаралық темір жол-паромдық қатынасты ұйымдастыру туралы Келісім

Келісім, Орал қ., 2006 жылғы 3 қазан

**Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі мен Ресей Федерациясы Көлік министрлігі арасындағы Астрахань су-көлік торабының, Махачкала (Ресей) және Ақтау (Қазақстан) порттары арқылы тікелей халықаралық темір жол-паромдық қатынасты ұйымдастыру туралы
КЕЛІСІМ**

(2006 жылғы 3 қазанда күшіне енді -
Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені,
2006 ж., N 6, 48-құжат, СІМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі мен Ресей Федерациясы Көлік министрлігі, 1992 жылғы 23 наурыздағы Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ресей Федерациясы Үкіметі арасындағы транспорт саласындағы өзара қарым-қатынас шарттары мен ынтымақтастықтың принциптері туралы келісімнің ережелерін б а с ш ы л ы қ қ а а л а о т ы р ы п , тең құқықты әріптестік және өзара сыйластық қағидаттарын негізге ала отырып, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясы порттарының арасында көлік, аралас (құрама) тасымалдау және темір жол-паромдық қатынасты ұйымдастыру саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытудың қажеттігін мойындай отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар Астрахань су-көлік торабының, Махачкала (Ресей) және Ақтау (Қазақстан) порттары арқылы тұрақты тікелей халықаралық темір жол-паромдық қатынасты ұйымдастыруда ынтымақтастықты жүзеге асырады.

2-бап

Тараптар Астрахань су-көлік торабының, Махачкала (Ресей) және Ақтау (Қазақстан) порттары арқылы тікелей халықаралық темір жол-паром қатынасын жедел басқаруды қамтамасыз ету мақсатында тепе-теңдік негізде Тараптар мемлекеттерінің темір жол паромдары иелерінің, теңіз порттары билік орындарының, темір жол көлігі ұйымдарының, Тараптардың өкілдерінен тұратын Астрахань су-көлік торабы, Махачкала (Ресей) және Ақтау (Қазақстан) порттары арасындағы темір жол-паром өткелін бірлесіп пайдалану жөнінде кеңес (бұдан әрі - Кеңес) құрады.

Кеңестің жұмыс тәртібі Тараптар арасында жеке уағдаластықпен бекітілетін, Астрахань су-көлік торабы, Махачкала (Ресей) және Ақтау (Қазақстан) порттарының арасындағы темір жол-паром өткелін бірлесіп пайдалану жөніндегі кеңес туралы ережемен белгіленетін болады.

3-бап

Паромдық кемелермен жүктерді тасымалдау Тараптар бекітетін Астрахань су-көлік торабының, Махачкала (Ресей) және Ақтау (Қазақстан) порттары арқылы тікелей халықаралық темір жол-паромдық қатынасымен жүк тасымалдау ережесіне және Астрахань су-көлік торабының, Махачкала (Ресей) және Ақтау (Қазақстан) порттары арқылы тікелей темір жол-паромдық қатынасында жүк вагондары мен контейнерлерді пайдалану, нөмірі бойынша есепке алу және қолданғаны үшін есеп айырысу ережесіне с ә й к е с ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

Астрахань су-көлік торабының, Махачкала (Ресей) және Ақтау (Қазақстан) порттары арқылы тікелей темір жол-паромдық қатынасымен жүк тасымалдау үшін 1951 жылғы 1 қарашадағы Халықаралық темір жол жүк қатынасы туралы келісімде көзделген үстеме қолданылады.

4-бап

Тараптар өз мемлекеттерінің аумағында Астрахань су-көлік торабының, Махачкала (Ресей) және Ақтау (Қазақстан) порттары арқылы тікелей темір жол-паромдық қатынасын жүзеге асыруға кедергілер туындағаны туралы бір-бірін дереу хабарландыруды қамтамасыз етеді және қажет болған жағдайда осы кедергілерді жою мақсатында бірлескен іс-қимылдар қабылдайды.

5-бап

Тараптар Астрахань су-көлік торабының, Махачкала (Ресей) және Ақтау (Қазақстан) порттары арқылы тікелей халықаралық темір жол-паромдық қатынасын тиімді жүзеге асыруға бағытталған келісілген тариф саясатын жүргізуге қолдау көрсетеді.

6-бап

Осы келісімнің ережелерін түсіндіруге немесе қолдануға қатысты кез келген дау Тараптар арасында келіссөздер арқылы шешіледі.

7-бап

Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын қосымша хаттамалармен ресімделеді.

8-бап

Осы Келісім қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді, белгіленбеген мерзімге жасалады және Тараптардың бірі осы Келісімнің қолданылуын тоқтату ниеті туралы екінші Тараптың жазбаша хабарламасын алған күнінен бастап алты ай өткенге дейін күшіне б о л а д ы .

2006 жылғы 3 қазанда Орал қаласында екі данада, әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде жасалды әрі екі мәтіннің де күші бірдей.

(Қолдары)